

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

“ОТБАСЫНЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ”ЖАРИЯЛАНДЫ
04.12.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/147517/>

Отбасы- оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің ордасы. . Ол бала тәрбиесі жөнінде мектеп. Бала шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап , отбасының мейірім , махаббатына бөленіп , ата-ана , бала , отбасы деген атқа ие болады. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы – баланың азамат болып өсуінің негізі.Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ержетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді. Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынаста, мәдениеттілікті тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам. Сондықтан отбасы – өте қажетті, басқадай ешнәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.“Отан отбасынан басталады”. Отбасындағы ең елеулі қызметтердің бірі ол балп тәрбиесі. Болашақта жақсы отбасы құру үшін , сол отбасыда жақсы тәрбие , өнеге алуы керек. Тіптен, “Отбасы” деген атаудың өзі бір адамға жылулық береді. Отбасы- ол ата-ананың балаға , баланың ата-анаға деген махаббаты , бір-бірін түсінуі. Ата-ананың балаға тал бесіктен берген тәрбиесі дұрыс болса , онда ол бала болашағын емін еркін жоспарлай алатын, болашаққа деген қадамы нық сеніммен болады. Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бүгінде құлдырауға ұшырауына байланысты қоғамда бірқатар керітартпа әрекеттің пайда бола бастағанын байқауға болады.

Оның бірі қазіргі тұрмыс құрған жастардың ажырасуға деген бейімділігі. Қазіргі таңда екінің бірі отбасын құрып жатыр , сәйкесінше ажырасып жатқандардың да шамасы аз емес. Отбасын құру деген үлкен жауапкершілікті білдіретін ұғым. “Үйлену оңай үй болу қиын” деген атам қазақ. Үлкен жауапкершілікті иеленер кезде , ой иелегінен өткізіп , ақыл мен шешу керек. Сонда ғана ата-ананың балаға деген жауапкершілігі артады. Қоғамда ажырасу , жетімдер , жесір қалып жатқандар мүлде болмайды.

Автор: Зайфун Назерке “Тұран” университетінің журналистика мамандығының 3

курс студенті.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.